

**Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «LauRus2019» «LauRus» балабақша гимназиясында
өткізілген №3 педагогикалық кеңес хаттамасы**

Күні: «27» қаңтар 2025ж

Өтілген орны: «LauRus» балабақша гимназия

Төрайым: Бижанова Г.Н.

Хатшы: Айшуакова Р.А.

Қатысушылар: «LauRus» балабақша гимназия педагогтары.

Тақырыбы: "Балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудің маңызы".

Күн тәртібі:

1. "Адамгершілік жағынан дамытушы орта" атты бейнеролик қарау, талдау, қолдану.
2. Баланың бойында адамгершілік-патриоттық тәрбиені қалыптастыруда ескеретін жағдайлар"
3. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерімен іскерлік ойын.
4. Балалардың біліктілігі мен дағдыларының даму деңгейінің аралық мониторингіне талдау жүргізу.

1. "Балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудің маңызы" тақырыбымен басталған педагогикалық кеңесте "Адамгершілік жағынан дамытушы орта" атты бейнеролик жүргізіліп, адамгершілік тәрбиенің қандай тәсілдермен бала бойына сіңіруге болатыны талданды, бұл әдістерді алдағы уақытта кеңінен қолдану тапсырылды. Бейнероликтің көрсеткен мәселелері мен ұсыныстары талқыланады. Адамгершілік орта балаға моральдық және этикалық құндылықтарды, тәртіп пен жауапкершілікті тәрбиелеуді қамтамасыз ететіні, балаларға әділдікті, құрметті, ынтымақтастықты дәріптеу тәрбиешілердің міндеті екені айтылды.

2. Патриоттық тәрбиенің негізі – балаларға өз елінің мәдениеті, тарихы мен дәстүрлерін таныстыру. Педагогтер балалармен бірге ұлттық ойындар, мерекелер мен халықтық дәстүрлерді атап өту арқылы патриотизмді дамыту жолдарын қарастыруы керек. Баланың бойында адамгершілік-патриоттық тәрбиені қалыптастыруда бірнеше маңызды аспектілерді ескеру қажет. Бірінші кезекте, баланың отбасында берілетін тәрбиенің рөлі зор. Ата-аналар өздерінің құндылықтарын, дәстүрлерін және ұлттық мәдениетті балаларына жеткізіп, оларға үлгі болуы тиіс. Екінші аспект – білім беру мекемелері. Мектепке дейінгі ұйымда патриоттық тәрбиеге бағытталған бағдарламалар мен іс-шаралар өткізу, балалардың елімізге деген сүйіспеншілігін арттыруға көмектеседі. Үшіншіден, балаларды ұлттық мәдениетке, тарихқа, өнерге және әдебиетке тарту, олардың тұлғалық дамуына және патриоттық сезімдерін нығайтуға септігін тигізеді. Мысалы, ұлттық мерекелер мен атаулы күндерге арналған тәрбие сағаттары, көрмелер, және шығармашылық байқаулар, ұлттық ойындар мен спорттық жарыстар өткізу маңызды. Балаларды туған жердің табиғи көріністерімен таныстыру да патриоттық тәрбиенің маңызды құрамдас бөлігі.

3. Педагогикалық кеңестің үшінші бөлімінде педагогтермен іскерлік ойындар ұйымдастырылды. "Инновацияларды дамыту" ойынында қатысушылар топтарға бөлініп жаңа өнімдер мен қызметтерді дамыту үшін креативті ойлау дағдыларын қолданды. Бұл іскерлік ойын арқылы тәрбиешілер адамның моральдық құндылықтарын тәрбиелеуге катысты тиімді әдістер мен тәсілдерді үйренді. Ойын ойнау барысында өзара қарым-қатынас дағдылары дамып, бір-бірін қолдауға, жауапкершілікті сезінуге дағдыланды. Іскерлік ойындар патриоттық тәрбиені дамыту үшін де өте тиімді құрал болып табылады. Ойнау арқылы командада жұмыс істеуді, стратегиялық ойлауды және оң шешім қабылдауды үйренді.

4. Аралық мониторингтің нәтижелерін талдау негізінде балалардың дағдыларын, білім деңгейін және адамгершілік-патриоттық тәрбиесін күшейту бойынша ұсыныстар жасалады. Тәрбиешілер балалардың жетістіктері мен дамуындағы қиыншылықтарды анықтап, сәйкесінше шаралар атқару жоспарланды.

Шешімдер мен ұсыныстар:

1. Патриоттық тәрбиеге бағытталған бағдарламалар мен іс-шаралар жоспарға енгізіліп, орындалсын.

2. Аралық мониторингтің нәтижелерін талдау барысында деңгейі көтерілмей отырған балалармен әр топ бойынша тәрбиешілер жауапкершілігімен жеке жұмыстар жүргізілсін.

Төрайым:  Бижанова Г.Н.

Хатшы:  Айшуакова Р.А.